АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ТАЛҒАР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ТАЛГАРСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.11.2021 ж. № 11-649

Талғар қаласы

город Талгар

Талғар ауданының мемлекеттік мекемелерін қайта құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 42, 45, 46 және 47-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, «Алматы облысының басқару құрылымы туралы» Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 қарашадағы № 412 қаулысына сәйкес, Талғар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі мемлекеттік мекемелер қайта құрылсын:

1) «Талғар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі», «Талғар ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы;

2) «Талғар аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы;

3) «Талғар ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қосылу арқылы;

4) «Талғар ауданы сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы;

5) «Талғар ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы.

2. Келесі мемлекеттік мекемелер қайта аталсын:

002241

1) «Талғар ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып;

2) «Талғар ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып;

3) «Талғар ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының ауыл шаруашылық және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып;

4) «Талғар аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып;

5) «Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып.

3. Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекелердің өткізу актісі осы қаулының 1-6 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қайта аталған мемлекеттік мекемелердің ережесі осы қаулының 7-11 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта аталған мемлекеттік мекемелер аумақтық әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркеуді жүргізсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А.Н.Касымбаевқа жүктелсін.

Талғар ауданының әкімі **К.Абдыханов**